

Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 157 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31, 37-баптарына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 163 "Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының егісін басталуын және аяқталуын оңтайлы мерзімдерін айқындау туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-15-152 тіркелген, 2011 жылғы 23 маусымда "Меңдіқара үні" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 мамырдағы № 171 "Міндетті сақтандыруға жататын ауыл шаруашылығы дақылдары егісінің басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-15-153 тіркелген, 2011 жылғы 25 тамызда "Меңдіқара үні" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Ә. Садуақасовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

В. Ионенко